

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ақтөбе қалалық Қазақ зағиптар қоғамы мәдениет үйінде қарттарға арналған қайырымдылық акциясы өткізілді. Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Қарттар күніне орай ұйымдастырылған іс-шара барысында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ерікті жастары тегін медициналық тексеру жүргізді.

— Ата-әжелеріміздің қан қысымын, қандағы қант мөлшерін тексеріп, жүрек соғысын өлшеп, дәрігерлер кеңес берді. Сондай-ақ салауатты өмір салтын сақтау, аурудың алдын алу және дұрыс тамақтану бойынша ақпарат бердік. Бұл игі бастама қарттардың денсаулығына көңіл бөлуге, оларды қолдау мен құрмет көрсетуге бағытталды. Біз үшін бұл — тәжірибе, ал қарттар үшін — үлкен қолдау мен қуаныш, — дейді ерікті жастардың бірі, болашақ дәрігер Малика Айладир.

Облыстық жастар ресурстық орталығының жастар бастамаларын қолдау және жүзеге асыру бөлімінің басшысы Дана Санатқызының айтуынша, мұндай акциялар қаламыздың ірі орталықтарында да өткізілген.

Қарияларға арнап әдемі концерттік бағдарлама да әзірленген. Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ән айтып, би билеп, қарттарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Аталған Мәдениет үйінің директоры Ақыл Жарылқасынның айтуынша, тек мереке қарсаңында емес, қариялар осында өткізілетін іс-шараларға жиі келіп тұрады екен. Ата-әжелер ескі әндерден орындалған попурриге қосылып ән шырқап, жастарға алғысын білдірді.

М.ТАБЫН.



ӨНЕГЕЛІ ДӘСТҮР

«Бірлікпен егілген тал — мәңгілік мұра». Ақтөбе қаласындағы Қызылжар мектебінде осындай ұранмен мектеп ауласына ағаш егілді.

Мұнда егілген әрбір тал — отбасы бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының символы. Ізгі іске 4, 5-сынып оқушыларының ата-аналары атсалысты.

Акцияның мақсаты — жас ұрпаққа табиғатты қорғаудың маңызын ұғындыру. Әрбір егілген тал — табиғатқа деген қамқорлықтың ғана емес, ұрпаққа қалдырған аманаттың көрінісі. Тал егу — тек бір күндік жұмыс емес, болашаққа салынған инвестиция. Әр тал оттегі бөліп, ауа тазартады, айналаны көгалдандырады. Қазақта «Бір тал кессең, он тал ек» деген мақал бар. Бұл нақылдың астарында терең философия, ұрпақтар сабақтастығы мен бірлік идеясы жатыр.

Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде экологияны жақсартуға бағытталған көптеген игі іс қолға алынуда. Соның ішінде халық болып жұмылып, ағаш егу дәстүрі қайта жаңғырып келеді. Бұл үрдіс — ел болашағына бейжай қарамайтын азаматтардың ортақ міндеті.

Таңсұлу ЖҰБАТ,
Қызылжар орта мектебінің аға тәлімгері.

«КОММУНАЛЬЩИК» КМК

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылы 6 қарашада сағ 11.00-де, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Интернациональная көшесі 7 «А», мекенжайы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің жобасы, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Бастамашысы: «Коммунальщик» КМК, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Интернациональная көшесі 7 «А», байланыстар тел: 8 (71333)3-40-51, электронды пошта: kommunalshik2010@mail.ru. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЦентрЭксперт Групп» ЖШС, Ақтөбе қ., Жанқожа батыр к-сі, 57, байланыстар тел:24-17-84, электронды пошта: centerlab@mail.ru. Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ сайтында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескерту мен ұсыныс ҰДБ сайтында, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме ҰДБ сайтында және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/81850511356?pwd=Udb30rylsMQS56g3400gjEHZSLISY2.1>. Конференция идентификаторы: 818 5051 1356. Кіру коды: ruUvC6.

Қосымша ақпаратты: centerlab@mail.ru электронды мекенжайы бойынша және 87753581170 телефоны арқылы алуға болады.

«Нефть және газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 7 қараша күні сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылдық округі, Кемерши ауылы, Бірлік көшесі, 15 (акимат ғимараты) мекенжайында «Көмірсутектердің дәстүрлі емес көздері бар Ақжар Шығыс учаскесін игеру жобасына толықтыру бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп» материалы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ сайтта <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (www.ndbecology.gov.kz) және сайтта менікі <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRiSiHwSE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523

Құпия сөз: 7wUKe

Қосымша ақпаратты: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а. о., Кемерши а., бірлік к-сі, 15 (әкімдік ғимараты) бойынша алуға болады.

Ұсынылып отырған қызмет түрінің операторы: «Altay Resources» ЖШС, Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Республика алаңы көшесі, 15, кВ кеңсе 3-қабат. Тел: +7 (7132) 74-20-71.

Жобаны әзірлеуші: «Нефть және газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ, Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8-шағын аудан, 38А. Электронды пошта: nipi.marketing@nipi.kz.

Байланыс телефоны: (7292) 60-02-08 (ішкі 130).

ЖОБА

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 142-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №281 бұйрығына сәйкес (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №32987 тіркелген) Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.

қаулыға қосымша

Бір қызмет алушыға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер тарифтері

№	Мекеме түрлері	Күніне бір қызмет алушының тарифі, теңгемен
1.	Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационар жағдайында	9275,71
2.	Психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдарға арналған стационар жағдайында	7578,34
3.	Психоневрологиялық патологиялармен мүгедектігі бар балаларға арналған стационар жағдайында (үштен он сегіз жасқа дейін)	19998,71
4.	Психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектігі бар балаларға арналған жартылай стационарлық жағдайында (бір жарым жастан он сегіз жасқа дейін)	13259,23

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ **90-71-55**
aktobesmi@mail.ru



Ақтөбе

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ГАЗЕТ

Газет «Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, NPKZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары

Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы

Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ
БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер
Мейрамгүл САТАЕВА
Кәмшат ҚОПАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақбота ҚАЛДЫБЕК,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,
Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші

Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,

Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11680 Тапсырыс №1125

Нөмірдің кезекші редакторы
Индира Өтемис